



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2023 т. № 71-нқ
Ақшымырау ауылы

село Ақшмирау

2023-2024 жаңа оқу жылын басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №01-2-15/5174-И хаты негізінде, Орта білім беру комитеті барлық аймақтарға «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу – тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып және Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің 01.09.2023 жылғы №01-35/871 хаты негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей 2023-2024 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленсін.
- 1) Оқу жылының ұзақтығы 1 – сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарында – 36 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.
- 2) Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері: 1-11-(12)-сыныптарда:
 - күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қарашаны қоса алғанда),
 - қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда),
 - көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);1 – сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).
2. 2023 жылғы 1 қыркүйек білім күнінде «Мектебім – мейірім мекені» » атты салтанатты жиын өткізілсін.
3. I – ауысымда оқитын 1,4,8,9,10,11 сынып оқушыларының сабақты бастау уақыты сағат 08:00, II – ауысымда оқитын 2,3,5,6,7 сынып оқушыларының сабақты бастау уақыты сағат 13:30 болып белгіленсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісі жөніндегі орынбасар А.Нуржановаға міндеттелсін.

Директордың м.а.

А.Бекова

А.Бекова